

«BazarJoq» Сервисінің Лицензиялық келісімі

«BazarJoq» Сервисінің осы Лицензиялық келісімі (бұдан әрі - «Келісім») интернет желісінде <https://bazarjoq.kz/ru> мекенжайы бойынша орналасқан «BazarJoq Kazakhstan» ЖШС-ң Сервисін (бұдан әрі - Сервис) пайдалану шарттарын белгілейді және Сервисті пайдаланатын кез келген тұлға (бұдан әрі – «Пайдаланушы») мен Сервиске айрықша құқықтың құқық пайдаланушысы (бұдан әрі – «Құқық пайдаланушы») болып табылатын «BazarJoq Kazakhstan» ЖШС-ң арасында жасалған.

1. Жалпы ережелер

1.1. Сервистің функционалын пайдалана отырып және/немесе Сервистің бағдарламалық жасақтамасын көшіре отырып, оның өзінің түпкілікті құрылғысына орната отырып немесе Сервисті басқа кез келген тәсілмен пайдалана отырып, Пайдаланушы Келісімнің барлық шарттарымен өзінің толық және бұлтартыссыз келісетінін білдіреді.

1.2. Сервисті тек қана осы Келісімнің шарттарын сақтай отырып пайдалануға рұқсат етіледі. Егер Пайдаланушы Келісімнің шарттарын толық көлемде қабылдаса, Пайдаланушының Сервисті қандай да бір мақсаттармен пайдалануға құқығы жоқ. Сервисті Келісімнің қандай да бір шарттарын бұза отырып (орындамай) пайдалануға тыйым салынады.

1.3. Осы Келісімге және Сервисті пайдаланумен байланысты барлық қатынастарға Қазақстан Республикасының құқығы қолданылуға тиіс. Осы Келісімнен немесе Сервисті пайдаланудан туындайтын кез келген наразылықтар немесе талаптар «BazarJoq Kazakhstan» ЖШС орналасқан жері бойынша Алматы қаласының сотына берілуге және сол жерде қаралуға тиіс.

1.4. Құқық иеленуші Пайдаланушыға осы Келісімнің орыс тілінен басқа тілдеріне аудармасын ұсына алады, алайда Келісімнің орыс тіліндегі шарттары мен оның аудармасының арасында қарама-қайшылық болған жағдайда Тараптар Келісімнің орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алатын болады.

2. Сервиске құқықтар

2.1. Сервисті айрықша құқық Құқық иеленушіге тиесілі.

3. Келісімнің құны

3.1. Құқық иеленуші ақысыз, жай (айрықша емес) лицензияның шарттарына негізделіп, Пайдаланушыға Сервисті Қазақстан Республикасының және бүкіл әлем мемлекеттерінің аумағында тікелей функционалдық мақсаты бойынша пайдалануға, соның ішінде Пайдаланушының ақырғы құрылғысында (-ларында) көшіруге және орнатуға (жаңғыртуға) басқаға берілмейтін құқығын ұсынады. Пайдаланушы Сервисті ақырғы құрылғылардың шектеусіз санына орнатуға құқылы.

4. Шектеулер

4.1. Осы Келісімде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген көлемдерде және тәсілдермен пайдалануды қоспағанда, Құқық иеленушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Пайдаланушының Сервистің бастапқы мәтінін шығарып алу және/немесе Сервиске қолданылатын алгоритмдерді іске асыру туралы ақпарат алу мақсатымен Сервистің объектілік кодын өзгертуге, қайта құрастыруға, дизассемблерлеуге,

қайта шифрлауға және онымен басқа да іс-қимылдарды жасауға, Сервисті пайдаланып туынды туындыларды жасауға, сондай-ақ Сервисті басқа жолмен пайдалануды жүзеге асыруға (жүзеге асыруға рұқсат беруге) құқығы жоқ.

4.2. Құқық иеленушінің алдын ала жазбаша келісімсіз Пайдаланушының Сервисті кез келген нысанда және осы Келісімде тікелей көзделмеген кез келген тәсілмен жаңғыртуға, таратуға, көпшілікке жеткізуге құқығы жоқ.

5. Басқа шарттар және хабарламалар

5.1. Пайдаланушы осымен Сервисте статистиканы автоматты түрде жіберу функциясы қосылған жағдайда Құқық иеленушіге Сервистің тиісті функцияларын ұсыну, Пайдаланушыға берілетін өнімдер мен сервистердің сапасын жақсарту мақсатында автоматты режимде кіріп жатқан сайт, пайдаланушының браузеріндегі қаралып жатқан парақша туралы анонимді ақпарат, сондай-ақ Пайдаланушы құрылғысының аппараттық қамтамасыз етуі, Пайдаланушы құрылғысының операциялық жүйесі, құрылғыда орнатылған Сервистік қамтамасыз ету, құрылғыда жұмыс істейтін (іске қосылған) Сервистік қамтамасыз ету, ықтимал қауіп-қатерлер көздері немесе операциялық жүйедегі күмәнді Сервистер туралы ақпарат, Пайдаланушы құрылғысының файл жүйесіндегі танымал папкалар тізімі және локалды іздеу нәтижелері (осы функцияны пайдалану кезінде), сондай-ақ басқа да техникалық ақпарат хабарланатыны туралы хабардар етілді және онымен келіседі. Құқық иеленуші көрсетілген деректерді өзінің басқа сервистерінде/бағдарламалық жасақтамаларында кез келген мақсатпен пайдалануға құқылы, онымен Пайдаланушы келіседі және өзінің сөзсіз келісімін береді. Пайдаланушы Сервистің баптауларында статистиканы автоматты түрде жіберу функциясын өшіру арқылы көрсетілген деректерді жинауды өшіріп қоя алады.

5.2. Осы Келісімге сәйкес берілетін Сервисті пайдалану туралы барлық деректер Құпиялылық саясатына сәйкес сақталады және өңделеді.

6. Келісім бойынша жауапкершілікті шектеу

6.1. Сервис көпшілікке ұсынылатын түрде беріледі. Құқық иеленуші және/немесе оның өкілдері, және Құқық иеленушінің контрагенттері Сервистің қатесіз және тоқтаусыз жұмыс істеуіне, Сервистің нақты мақсаттарға және Пайдаланушының болжамына сәйкестігіне қатысты ешқандай кепілдік бермейді, сондай-ақ осы Келісімде тікелей көрсетілмеген ешқандай басқа кепілдіктерді бермейді.

6.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен рұқсат етілген максималды дәрежесінде Құқық иеленуші және оның контрагенттері Сервисті қандай да бір пайдаланудың немесе пайдалану мүмкіндігінің болмауының қандай да бір тікелей немесе жанама салдары және/немесе Сервисті қандай да бір пайдаланудың немесе пайдаланбаудың нәтижесінде, соның ішінде Сервистің жұмысында болуы мүмкін қателіктердің немесе іркілістердің себебінен Пайдаланушыға және/немесе үшінші тараптарға келтірілген зиян үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді.

7. Сервистің жаңартулары/жаңа нұсқалары

7.1. Сервис кей уақытта автоматты түрде Сервисті немесе Сервистің толықтай жаңа нұсқаларын жақсартуға/пысықтауға бағытталған және патчтар, қосымша модульдер және

т.с.с. түрінде болуы мүмкін жаңартуларды жүктей алады және орната алады. Пайдаланушы осымен Сервистің автоматты түрде жаңартылатыны, оған қоса Сервистің жаңартуларының Пайдалану құрылғысына ешқандай қосымша хабарландырусыз сұратылатыны, жүктелетіні және орнатылатыны туралы хабардар етілді және онымен келіседі.

7.2. Осы Келісімнің әрекеті Сервистің бұдан кейінгі барлық жаңартуларына/жаңа нұсқаларына қатысты қолданылады. Егер Сервистің жаңартылуы/жаңа нұсқасының орнатылуы басқа лицензиялық келісімді талап етпесе, Сервистің жаңартуының/жаңа нұсқасының орнатылуы Сервистің тиісті жаңартуларында/жаңа нұсқаларында Пайдаланушының осы Келісімнің шарттарын қабылдауын білдіреді.

8. Осы Келісімнің шарттарын өзгерту және басқа шарттар

8.1. Өзі Келісімді Құқық иеленуші бір жақты сотқа дейінгі тәртіппен өзгерте алады. Осы Келісімнің шарттарына енгізілген өзгертулер/толықтырулар туралы Пайдаланушының хабардар етілуі: <https://bazarjoq.kz> парақшасында жарияланады. Келісімнің шарттарына енгізілген аталған өзгертулер, егер тиісті жарияланымда өзгеше айтылмаса, оларды жариялаған күнінен бастап күшіне енеді.

8.2. Осы Келісім бойынша Құқық иеленушінің құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаға Пайдаланушының (-лардың) келісімінсіз табыстауға рұқсат етіледі.

8.3. Осы Келісімде тікелей көзделмеген қалған жағдайлардың барлығында Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

8.4. Осы Келісімнің бір бөлігінің жарамсыздығы, егер осы Келісім оның жарамсыз бөлігін енгізбесе де жасалар еді деп болжауға болатын болса, оның басқа бөліктерінің жарамсыз болуына алып келмейді.